

Абай ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері мен бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 21 сәуірдегі 2 сессиясының № 2/25 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 26 сәуірде № 3764 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 2018 жылғы 19 сәуірдегі № 29/325 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының мәслихатының 19.04.2018 № 29/325 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексіне сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Абай ауданы бойынша пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері мен бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Абай аудандық
Мәслихатының хатшысы*

В. Черепанов

Б. Цай

КЕЛІСІЛДІ:

*"Абай ауданы бойынша
мемлекеттік кірістер
басқармасы" мемлекеттік
мекемесінің басшысы*

А.Ефанов

2016 жылғы 21 сәуір